**Тексерілді:**

**«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері А.Адилова**

**Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы**

**«Балдырған» ересек топ Наурыз (3 апта)**

Өтпелі тақырып: «Нұр себеле Ұлыстың ұлы күні»
Тақырыпша: ««Өнер көзі халықта»
Апта күні :14.03-18.03.2022ж

| Күн тәртібі: | Дүйсенбі 14.03 | Сейсенбі 15.03 | Сәрсенбі 16.03 | Бейсенбі 17.03 | Жұма 18.03 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | «Амансыңба, менің алтын достарым!» балалармен таңғы жылулық шеңберін ұйымдастыру. Ұйқы ашу жаттығуларын орындау. Медбике мен психологпен бірге бірлескен іәрекеттер жүргізу. «Тазалық басты байлық» балалардың тазалықтарына басты назар аудару. | | | | |
| Ата-аналармен сұхбат | Демалыс күндерін балаларымен қалай өткізгендері туралы пікірлесу. Отбасы толыққанды жанұя екендігі туралы әңгіме жүргізу. Балалардың киімдеріне назар аударуларын қадағалау. Себепсіз балабақшадан қалдырмауларын өтіну. Алдағы мерекелік шараларға ат салысуға шақыру. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б.)<br><br>Таңертеңгі гимнастика | **Үстел үсті ойыны**<br>№ 11 «Мозаика»<br>Мақсаты:<br>Балаларға әр түрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу. | **№ 36Дид.ойын:**<br>«Қай жыл мезгілінде ойнайды?»<br>Мақсаты: Әр жыл мезгілінде ойналатын ойындарды атап, Неге сол мезгілінде ойналатынын айтып түсіндіріу. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Ойыншықтырды сипаттауға ұйрету, ойыншықтарына ұқыптылықпен, қарауға тәрбиелеу.<br>Көрнекі құралдар: Әр жыл мезгілінде ойналатын ойындардың суреттері. | **Саусақ жаттығуы**<br>№4. Жауын<br>Жауын жауын жау-жау.<br>Егін басын бау-бау.<br>Жауын жауып.<br>Біз тығылайық қоя тұр.<br>Жауын – жауын жау-жау.<br>Жаумай енді қоя тұр.<br>Балалардың олды көбі су. | **Сергіту сәті.**<br>Бір,екі,үш,төрт,<br>Жиналамыз бәріміз<br>Бір,екі,үш,төрт,<br>Секіреміз бәріміз<br>Бір,екі,үш,төрт<br>Отырамыз бәріміз. | **№21Дид.ойын:**<br>«Жиһаздарды ата»<br>Мақсаты: Үй ішіне қажетті жиһаздарды дұрыс айтуға (дөңгелек үстел, т.б.) үйрету. Әрбір еңбекпен жасалған бұйымдарға ұқыптылықпен карауға және жиһаздары күтуге қастерлеуге тәрбиелеу.<br>Көрнекі құралдар: Үй жиһаздарының суреттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | Музыка әуенімен таңертеңгілік жатығулар кешенін орндау. Ұйқы ашатын ырғақты қимылдар орындау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимнін айту. Патриоттыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Таңғы ас | Таңғы ас мәзірімен таныстыру. Тамақ ішу мәдениетін қалыптастыру,дұрыс отыру ережесін сақтану. Ас ішіп болған соң,бата қайыруды естен шығармауды орындау. | | | | |
| Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық | «Тапсырманы орында»<br>Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру | Д/о: «Кім жоқ?»<br>Отбасы мүшелерінің суретін жасыру арқылы баланың есте сақтау қабілетін дамыту. | №7. Күн<br>Күн шығады жарқырап<br>Көк аспаннан қызарып,<br>Күн қайтқанда аспанға<br>Түн болады – сен қал ұйықтап<br>Мен сенімен боламын<br>Тәтті ұйықта балдырап<br>Таң тағы да болады. | Үстел үсті ойыны пазл:<br>«Үйшік құрастыр»<br>Балалармен отбасы туралы әңгімелесу | «Паравоз»<br>Балалар бір-бірінің артына тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету. |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: Өнер көзі халықта<br>Мақсаты: Балаларды адамгершілік – патриотыққа тәрбиелеу. Балалардың қоршаған орта туралы түсініктерін кеңейту, қол өнеріне баулу. | **Математика негіздері:**<br>Тақырыбы: Қарапайым мысалдармен есептерді шығару. Зат салмағының көлеміне тәуелділігі.<br>Мақсаты: заттың салмағы және оны өлшеу туралы түсінік қалыптастыру.заттард | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: Әз Наурызым, армысың! (өлеңці жаттау)<br>Оразақын Асқар<br>Мақсаты:: шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жыл 22 наурыздан басталатынын, күн мен түн теңесетінін түсіндіру;есте | **Музыка.**<br>Жетекші маман жоспары бойынша<br>**Құрастыру**<br>Тақырыбы:<br>Киіз үй<br>Мақсаты:<br>Балаларды киіз үй құрлысымен таныстыру.<br>Баланың сөздік қорын молайту | **Дене шынықтыру**<br>Жетекші маман жоспары бойынша<br><br>**Жапсыру**<br>**Тақырыбы:**<br>Орамалды әшкейлеу.<br>Мақсаты: Орамалды қазақ ою өрнектерінің элементтерімен, әшекейлеумен жапсыруға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Олардың шығармашылық қабілетін дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту<br>**Сурет салу**<br>Тақырыбы: Әшекей бұйымдар<br>Мақсаты:Ұлттық зергерлік жайлы білім беру; Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту;Әшекей бұйымдарға деген қызығушылықтарын арттыру.<br>**Музыка**<br>Жетекші маман жоспары бойынша | ы «ауыр-жеңіл» сөздерін пайдалана отырып салыстыру үйрету,заттарды қолмен салыстырып,олардың салмағын көлеміне қарай анықтауды үйрету;<br>**Орыс тілі**<br>«Что за праздник Наурыз<br>**Дене шынықтыру**<br>Жетекші маман жоспары бойынша | сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; ұлттық салт – дәстүрлерге деген құрмет сезімдеріне баулу.<br>**Жаратылыстану**<br>Тақырыбы:Жайлау,киіз үй<br>Мақсаты:Балаларға жайлау, киіз үй туралы жалпы түсінік беру, ата-бабаларымыздың тұрмысы туралы мәлімет беру. Қоршаған ортаны танып-білуіне жағдай жасау, ұлттық мәдениетіміз жайлы білімдерін дамыту. | арқылы, салт – дәстүр туралы ұғымдарын қалыптастыру Балалардың бойына ата – мұра құндылықтарын кастерлеуге салт – дәстүрді біліп – үйренуге тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру**<br>Жетекші маман жоспары бойынша<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>**Тақырыбы**: Жас экологтар | Жапсыру техникасын дағдылары менептіліктерін дамыту. Қазақтың ұлттық ою өрнектерін құрметтеуге тәрбиелеу. |
| Серуенге дайындық | Балалардың киіну реттілігін бақылау,киінгенде түймелерін қадап,аяқ киімнің бауын байлауды,киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуендегі ережелерді мұқият ескеру. Саппен жүрулерін қадағалау. | | | | |
| Серуен | **Картотека №1**<br>Ауа райын бақылау<br>Мақсаты: Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра | **Картотека № 4**<br>Аспанды бақылау<br>Мақсаты: Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Бақылау | **Картотека №11**<br>Ағаштарға бақылау жасау<br>Мақсаты: Балалармен бірге ауладағы ағашты | **Картотека №18**<br>Құстардың ұшып келуін бақылау<br>Мақсаты: Құстардың пайдасы туралы | **Картотека № 2**<br>Күнді бақылау<br>Мақсаты: Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету. Тақырып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білу. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білу. Балалардың байқампаздығын,табиғат пен қарым-қатынасын дамыту.<br>*Қимылды ойын:*<br>«Қасқыр мен лақтар»<br>*Көркем сөз:*<br>Жауынмен жер көгереді,<br>Батамен ел көгереді. | барысында көркем сөзді қолдануды үйрету.<br>*Қимылды ойын:*<br>«Қазым,қазым қаңқылда!»<br>*Көркем сөз:*<br>Балалар-ау, балалар!<br>Шақырады далалар.<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып. | қарау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету.Табиғаттан алған әсерлерін қуанышты көңіл-күйлерін білдіре білу.<br>*Қимылды ойын:*<br>«Ағаштан ағашқа»<br>*Көркем сөз:*<br>Адам көркі шүберек,<br>Ағаш көркі жапырақ. | білімдерін бекіту. Табиғат құбылыстарының арасындағы заңды байланысты көре білуге үйрету.<br>*Қимылды ойын:*<br>«Лашын мен ұябасар»<br>*Көркем сөз:*<br>Көктем келді,күн шығып,<br><br>Айлар,күндер тұр күліп.<br>Тура анам секілді,<br>Мейрімді боп тұр күліп. | бойынша белсенді сөздікті дамыту.<br>*Қимылды ойын:* «Күн мен бұлт»<br>*Көркем сөз:*<br>Кешкі күн<br>Қонды тау басына.<br>Төкті нұр<br>Құзар шың басына. |
| Серуеннен оралу | Балалардың дұрыс шешінулерін, өз щкафтарына киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Киімдерін ілгішке ілулерін қадағалау. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. | | | | |
| Түскі ас | Тамақтану алдында қолдарын сабындап жуу керектігін ескерту. Балаларға бүгінгі түскі ас мәзірін таныстыру. Дастархан басында сөйлемеуди естеріне салу және тамақты аз-аздап алып жеуді үйрету. Сонымен қатар нанды үгітпей жеу керектігін естеріне салу. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау. | | | | |
| Түскі ұйқы | Киімдерін орындықтарына жинастыруды әдетке айналдыруды жалғастыру. Баяу әуенмен төсектеріне жатқызу. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту,шынықтыру шаралары. | №3.Өзімізді уқалау.<br>Күзде күн суыды , молдас құрып отырып алақанымызды уқалап жылытамыз, жылы алақанымызбен бетімізді жуамыз ( 3-4рет) | №7. Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру,<br>табанның ішкі жағымен жүру, | №15.Тыныс алу жаттығуы:<br>Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку.<br>Табанды шынықтыру массаждары:<br>1.«Балапандар серуенге шықты» | №5.Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар.<br>( 2 минут)<br>Кел балалар тұрайық,<br>Қолымызды жоғары созайық.<br>Еңкейеміз еденге, арқамызды тік | №19.Велосипед тебу.<br>1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға ,солға бұрады.<br><br>2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сыртымен жүру.<br>Арнайы жолдармен жүру.<br>Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. ( 3- 4 рет) | шиқ - шиқ - шиқ.<br>2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру.<br>3. Ілгекті жолмен жүру.<br>4. Тастардың үстерімен жүру.<br>5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру.<br>6. Табандар арқылы жүру. | ұстап,<br>Бір демалып алайық.<br>Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз<br>Демалу жаттығулары<br>Жіпке байланған көбелектерді үрлеу ( 4-5 рет) | 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.<br><br>4. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ-қолды созу |
| Бесін ас | Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарды қолдануды жетілдіру, тамақтану алдында салқын сумен беті-қолдарын жуу.<br>Тамақты аз-аздан алып, шусыз жеуге үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды ескерту.<br>Батамен ел көгерер. Бата үйрету. | | | | |
| Ойындар , дербес әрекет | **«Ғажайып қапшық»** ойыны.<br>**Мақсаты**: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту | **Д/о: «Менің досым»**<br>М: Балалардың бойында достықты құрметтеуге деген сезімге тәрбиелеу. | **Вариативтік компонент** «Жас эколог» | **«Театр» сюжетті-рөлді ойын.**<br>Мақсаты:Өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету,балалар арасында жағымды қарым-қатынас қалыптастыру. | Жұмбақ жасыру (3-4)<br>Мақсаты:Тапқырлыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс | Дулат Әлиге сурет салу қызығушылығы бойынша түрлі-түсті сурет салдыру. Қарандашты дұрыс ұстауды үйрету. | Ақнұрға қарындашты дұрыс ұстатып үйрету. | Райанаға ертегі желісін сахналауды үйрету . | Айаруға он көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. | Дінмұхамедке «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін атай білуге үйрету. |
| Серуенге дайындық | Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімнің бауын байлауды қадағалау. Қыс мезгілінде міндетті түрде қолға қолғап,мойынға шарф орауды ескерту,<br>Серуенге шығарда жұптасып жүруге дағдыландыру | | | | |
| Серуен | Балабақша ауласына серуен, балалармен әңгімелесу.Көктем мезгіліндегі айлармен танысу. | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Кешкі ертегі, балалар қалауымен**.**Бала өмірдегі отбасының маңызы туралы әңгімелесу.22- Наурыз мерекесіне арналаған тақпақтарын үйде қайталау керектігін айту. | | | | |